

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТАҒЫЛЫМЫ» КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. «Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ережесі конкурстың мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, конкурсқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Ұйымдастырушы: «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК

3. Қатысушылар: жалпы орта білім беретін мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері

4. Өтетін уақыты: 1-30.04. 2022 ж.

II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты – тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының тарихи-мәдени мұрасын насихаттау, педагогтердің инновациялық және шығармашылық әлеуетін дамытуға қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау;
- шығармаларын оқытуда инновациялық технологияларды белсенді пайдалануға ынталандыру;
- шығармалары мен еңбектерін кеңінен насихаттау;
- мұғалімдердің шығармашылық қабілеті мен инновациялық-педагогикалық идеяларына қолдау көрсету;
- мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру және оларды қолдау, ынталандыру;
- педагог қызметкерлердің ғылыми, зерттеушілік әлеуетін дамыту;
- педагог мәртебесін қалыптастыру;
- мұғалімдердің кәсіби тұрғыдан өсуін ынталандыру;
- шығармашыл педагогтерге қолдау көрсетіп, бастамаларын сүйемелдеу.

III. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Конкурс ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін байқаудың комиссия мүшелері құрылады.

2. Конкурстың комиссия мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызмет, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

4. Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар екі апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.

5. Қалалық комиссия құрамы байқаудың екі кезеңін бағалайды, екі кезең бойынша қорытынды шығарып, жеңімпаздар туралы шешім қабылдап, жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

6. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

7. Комиссия мүшелері тест қорытындысы мен бағалауды критериалды жүйе бойынша тиісті бағалау парағына сәйкес жүзеге асырады. Комиссияның әрбір мүшесі бағалау парақтарын комиссия хатшысына тапсырады. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

IV. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Конкурсқа қатысу үшін 2022 жылдың 12 сәуіріне дейін til.mamany@bk.ru электронды поштасына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін өтінім жіберуі қажет.

2. Конкурстың кезеңдері:

2.1. I кезең 18 сәуір күні офлайн түрде өтеді. Бірінші кезең бойынша Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларына (2-қосымшада көрсетілген шығармалар бойынша құрылады) байланысты құрылған 30 сұрақтан тұратын тестке жауап береді. Google нысанындағы тестке жауап беру үшін 40 минут уақыт беріледі. I кезең қорытындысы 20 сәуір күні орталықтың сайтында (<https://astana-modern.kz/>) орналастырылады. Бірінші кезең бойынша 80 пайыздан жоғары алған қатысушылар екінші кезеңге жолдама алады.

2.2. II кезең 25 сәуір күні офлайн түрде өтеді. Екінші кезеңде білім беру мазмұнын жаңарту аясында қолданатын белсенді әдіс-тәсілдер мен өзінің іс-тәжірибесі бойынша комиссия мүшелері таңдалған Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларына байланысты тақырып пен оқу мақсаттарына сай қысқа мерзімді жоспар құрады. ҚМЖ құруға 30 минут уақыт беріледі. Қысқа мерзімді жоспарды комиссия мүшелері Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген критерийлер бойынша бағалайды. Конкурс қорытындысы 30 сәуір күні орталықтың сайтында (<https://astana-modern.kz/>) орналастырылады.

3. Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған, кешіктірілген өтінім қабылданбайды.

IV. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Қалалық комиссия мүшелері байқаудың екі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпазды («бас жүлде»), жүлдегерлерді (1, 2, 3 орын) анықтайды.

2. Конкурс нәтижесі бойынша бас жүлде, 1,2,3 дәрежелі дипломымен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Марапаттау рәсімі қосымша хабарланады.

3. Конкурстың нәтижелері байқау аяқталған соң, күнтізбелік 10 күн ішінде орталықтың интернет-ресурстарында және орталықтың сайтында (<https://astana-modern.kz/>) орналастырылады.

«Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» конкурсына қатысуға

ӨТІНІМ

_____ (қатысушының аты-жөні) конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Педагог туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Т.А.Ә. толық	
3.	Лауазымы	
4.	Педагогикалық өтілі	
5.	Біліктілік санаты	
6.	Байланыс телефоны	

М.О.

Мектеп директоры

Ескертпе: өтінімнің көшірмесін және элнұсқасын жіберіңіздер

**«Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы» конкурсының I кезеңінде
Ахметтің алты томдық шығармалар жинағының I томындағы
шығармаларына 30 сұрақтан тұратын тест құрылады**

<https://adebiportal.kz/>

«Қырық мысал» жинағы

1. Аққу, шортан Һәм шаян
2. Шымшық пен көгершін
3. Ат пен есек
4. Маймыл
5. Егіннің бастары
6. Өгіз бен бақа
7. Емен мен қамыс
8. Қасқыр мен тырна
9. Бұлбұл мен есек
10. Екі шыбын
11. Арыстан, киік Һәм түлкі
12. Қарға мен түлкі
13. Қасқыр мен қозы
14. Жас ағаш
15. Қартайған арыстан
16. Шал мен ажал
17. Қайырымды түлкі
18. Маймыл мен көзілдірік
19. Шал мен жұмыскер
20. Жарлы бай
21. Айна мен маймыл
22. Кісі мен арыстан
23. Жүргіншілер мен иттер
24. Еменнің түбіндегі шошқа
25. Кісі мен аю
26. Екі бөшке
27. Аңдарға келген індет
28. Қара бұлт

29. Иттің достығы
30. Қасқыр мен мысық
31. Қаптесер мен көртышқан
32. Ала қойлар
33. Сары шымшық
34. Түлкі мен қарашепкен
35. Кісі мен көлеңке
36. Қарашепкен мен қой
37. Қайыршы мен қыдыр
38. Үлес
39. Өзен мен қарасу
40. Малшы мен маса

«Маса» жинағы

1. Оқуға шақыру
2. Қазақ қалпы
3. Қазақ салты
4. Досыма хат
5. Жиған-терген
6. Анама хат
7. Тілек батам
8. Жауға түскеннің сөзі
9. Адамдық диқаншысы
10. Жұртыма
11. Ақын ініме
12. Ғылым
13. Жауап хаттан
14. Тілек батам
15. Қаздар

Қысқа мерзімді жоспарды бағалау критерийлері
/II кезең/

1. Қысқа мерзімді жоспар ашық, толық жазылған.
2. Жоспар тақырыбына, оқу мақсатына (сабақ мақсаты) сай құрылған.
3. Сабақ құрылымы оқу мақсаттарына (SMART мақсат) сәйкес келеді.
4. Білім алушылардың тәрбиеленушілердің қажеттіліктері ескерілген.
5. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.
6. Сабақтың әр кезеңінде педагог барлық білім алушыларды белсенді оқытуға тартады.
7. Мұғалім АКТ ресурстарын пайдалануды қарастырған.
8. Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін білім беру ресурстарын пайдаланады.
9. Сабақтың мазмұны, құрылымы негізгі талаптарға сәйкес.
10. Бағалаудың критерийлері мен дескрипторлары негізгі талапқа сай.
11. Әдіс-тәсілдер оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін арттыруға бағытталған.
12. Бағалау түрлерін тиімді пайдаланады.
8. Тапсырмалар оқушы деңгейіне сай құрылған.
10. Мұғалімнің өз сабағына талдауы (рефлексия).

